

«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

Хаттама № 6

Қосбөлтек ауылы

10.11.2023ж

Ата-аналарға арналған консультациялық пункт бойынша жүргізілген іс шара барысында «Мектеп жасына дейінгі балаларды еңбек іс-әрекетіне жетілдіру» тақырыбында тәрбиеші Л.Султанбекованың ұйымдастырумен ата-аналармен дөңгелек үстел өткізілді.

Л.Султанбекова өз сөзінде балабақшада үйренуге, дағдыға айналдыруға тиісті балалар еңбегінің түрлері олардың қызметке ықыласын туғызады, ақыл-ойын дамытады, жағымды қарым-қатынасқа баулиды, денесін шынықтырады, эстетикалық көзқарасын қалыптастырады.

Балалар еңбегінің түрлеріне тоқтала кетсем, өзіне-өзі қызмет ету, шаруашылық-тұрмыстық еңбек, табиғаттағы еңбек, қол еңбегі осы аталған еңбек түрлерінің көлемі балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі болады. Осы аталған еңбектерге жеке тоқтала кетейін, өзіне-өзі қызмет ету айтып тұрғандай балалар өзін күту үшін еңбектенеді, жуынады, киінеді, шешінеді, жұмыс орнын дайындайды және тағы сол сияқты еңбектер жасайды. Кіші топтағы балаларда саусақ еттері жеткіліксіз дамыған, олар жұмысты жоспарлай білмейді, көңілдері басқа нәрсегеге тез бөлінгіш, сондықтан өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалыптасуында тежелу басым, кейде бала әрекеті орындауға ынтасыз болады. Тәрбиеші балаларға басшылық жасай отырып, әр баламен жеке жұмыс жүргізеді. Балалардың сөздік қорын дамыту үшін бөлшектерінің, қажетті әрекеттердің аттарын атайды.

Осы орайда тәрбиеші балаларды қарапайым сақтыққа айналасындағы адамдарды құрметтеуге үйрететін әрекеттерді түсіндіреді.

Табиғаттағы еңбектің ерекшелігі-балалардың байқағыштың дамыту, жанды табиғатқа ұқыпты қарау, туған елдің табиғатын сүюге тәрбиелеу. Еңбек ете жүріп, балалар дене жағынан дамиды, қозғалыстарын жетілдіреді, төзімділігін арттырады, дене үшін жұмсай білу қабілетін дамытады.

Ортаңғы топта еңбек әрекеті табиғат бұрышында күрделі күтімді қажет ететін өсімдіктерге күтім жасайды. Педагог балаларға еңбек ете жүріп, өсімдіктердің өсуін, дамуын қадағалауды, өзгерістерді байқауды, оларды ажырата білуді үйретеді. Бұл еңбектер балалардың жауапкершіліктерін арттырады, осы еңбектерді бала бойына жастайынан үйрете білейік деп атап өтті.

Осы тақырып аясында өз ойларын ортаға салу ұсынылды.

Ата-ана Р.Абдиманова отбасында да баланы өзіне-өзі қызмет ету барысында киімдерін жинау біршама жасайды, бірақта өзіңіз атап өткендей аяғына дейін жеткізбейді. 3-4 жастағы балаларда да еріншектік пайда болады, біз отбасымызда

балаға еңбек жасатпаймыз, әрине балабақшадағы еңбек күнделікті жүргізіледі, сол себепті де олар еңбекті жасайды, үлкендердің еңбегін бағалай біледі деп атап өтті.

Хатшы:  Мақсымханова Ф.

балаға еңбек жасатпаймыз, әрине балабақшадағы еңбек күнделікті жүргізіледі, сол себепті де олар еңбекті жасайды, үлкендердің еңбегін бағалай біледі деп атап өтті.

Хатшы:  Мақсымханова Ф.



